«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

080012, Тараз қаласы, Ленин көшесі, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink_taraz@at.minfin.kz

080012, г. Тараз, ул. Ленина, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink_taraz@at.minfin.kz

№ 1MAD-6-14/2222
26.06.2018 ж.

**«Ел-Мұраты» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің басшысы С. Тасыбаеваға**

Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті Сіздің №16256 арызыңызға сәйкес, №2594160-1 «Жамбыл облысы үкіметтік емес ұйымдарының дін саласында мәселелерінің әлеуметтік маңызды жобалары бойынша көрсетілетін қызметтер» конкурс тәсілімен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы болып табылатын Жамбыл облысы әкімдігінің «Дін проблемаларын зерттеу орталығы» КММ-не камералдық бақылау жүргізілді.

Конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес, тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі бөлімінде тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде қарастырылған барлық талаптарды қамтиды және қызмет көрсету сапасын жақсартатын қосымша іс-шараларды қарастырады, әрбір жоба тапсырмасында іс-шараның атауын және түрін, мерзімін және өткізу орнын сипаттаған жағдайда 6 балл қойылады.

«Ел-Мұраты» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің конкурстық өтінімін қарау барысында анықталғаны, егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде қарастырылған барлық талаптарды қамтиды.

Осылайша, конкурстық комиссия «Ел-Мұраты» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің конкурстық өтініміне заңды түрде 3 балл қойған.

Конкурстық құжаттаманы қарау барысында анықталғаны, тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасының техникалық ерекшелігінде әлеуетті өнім берушілерге еңбек ресурсына біліктілік талабы қойылмаған.

Осылайша, конкурстық комиссия "Жаңа-Ру" жастар коалициясының қауымдастығының, "Қазақстан жастар фракциясы" қоғамдық қорының конкурстық өтінімдері талапқа сәйкес деп танып, заңды түрде конкурсқа қатысуға жіберген.

Сонымен қатар, конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес, тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі бөлімінде тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары жоқ не конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде қарастырылған барлық талаптарды қамтымаған жағдайда ғана әлеуетті өнім берушіге 0 балл қойылады.

"Жаңа-Ру" жастар коалициясының қауымдастығының конкурстық өтінімінде тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары ұсынылған.

Осылайша, конкурстық комиссия "Жаңа-Ру" жастар коалициясының қауымдастығының конкурстық өтініміне заңды түрде 3 балл беліглеген.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, Департамент тарапынан алдын-алу шараларын қолдануға негіз жоқтығын хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабы және 14 бабының 6-тармағына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімді жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе бағыныстылық тәртібімен субъектіге, сондай-ақ шешім қабылдағаны туралы белгілі болған кезден бастап, үш айдан кешіктірмей сотқа шағым беруіңізге болады.

**Басшы м.а.** **Қ. Орманов**

*Орындаушы: Беков Е.*
*Тел.:43-54-60*